

**НҰР ТҰНҒАН,
КҰЛПЫРҒАН
ЖАҢААРҚА!**



Жұмыс тәртібі:

Күн сайын сағат 9:00—18:00 дейін ашық

Демалыс күндері—сенбі, жексенбі

Әр айдың соңғы күні—тазалық күні

Мекен жайымыз:

Ұлытау облысы,

Жаңаарқа ауданы,

С.Сейфуллин ауылдық округі

Біздің электронды поштамыз:



seifullinkitaphana@mail.ru



[https://facebook.com/
seifullinauyldikkitaphana](https://facebook.com/seifullinauyldikkitaphana)



Instagram

s.seifullinlibrary_



tiktok.com/@s.seifulliblibrary

Дайындаған: Искакова М.С.

**С.Сейфуллин
ауылдық үлгілі
кітапханасы**



**ЖЫР
ҚАЙНАРЫ
ЖАҢААРҚА**

С.Сейфуллин ауылы, 2024

Жаңаарқа жыр

Байғозы батыр, Байдалы,
Сары Тоқа Сайдалы,
Күшікбайдан оқ-жебе,
Нияз батыр найзалы.
Игілік пен Ақселеу,
Ән мен жырдың аймағы.
Діқанбайдай дарын бар,
Жарылғапов Ғалымдар,
Шаршы алаңның майданы.
Ақын болып танылған,
Жайлыбайдан тағы ұл бар,
Пендеге өлең пайдалы.
Байбосынов Қайрат бар,
Бекболаттай айбат бар,
Соңғы көштің тайлағы.
Гитараны сайратқан,
Жеті шекті ойнатқан,
Қорабайдың жайлы әні.
Ей, Жаңарқа, Жаңарқа!
Сағынышты Сарыарқа.
Сарысуды бойлады,
Атасуды жайлады.
Түйедей екен тайлары,
Танадай екен қойлары.
Төрт түлігі от тапқан,
Киік қашқан бетбақтан.
Ет, қымызы, айраны,
Туыс-туған той қамы.
Елдігім деп мал сойған.
Ерлігім деп шалқайған,
Аралбай, Тоқа, Алтайдан,
Қарпық, Нұрбай, Алсайдан,
Батырлық бар бойдағы,
Ақындық бар ойдағы,

ДАЛА ДАУЫЛПАЗЫ— СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894-1938) қазақтың атакты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған

Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқыған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен.

С.Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер болды. «Көкшетау», «Қызыл ат» дастандарында заманалық мәселелер көрсетілген. «Қызыл атта» 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеу оқиғалары сыналады. «Ақсақ киік», «Аққудың айрылуы» шығармаларында туған даланың табиғатын, адамның ішкі сезім күйлерін суреттейді.

Жаңаарқа өнер одасы

Аудан дейміз аты әйгілі аймақты,
Алтын аймақ әсем көркін жайнатты.

Осы жерде бүгін өнер ордасы,
Көріп тұрмын сүт бетінде қаймақты.
Шөл мен дала Жаңаарқада белдеуі,
Содан молдау төрт мүлік мал төлдеуі.

Сылқыл қағып бара жатыр Сарысу,
Жарқ еткендей Дайрабайдың белбеуі.

Орман, дала, өңкей сұлу қырқалар,
Көзің шалса, жүрегіңнен жыр тамар.

Жігіттері тартып туған Сәкенге,
Сұлулармен әудем сәтте тіл табар.
Қалдық, шіркін, Ігілікке зәру боп,
Шырқаушы еді-ау бойда дертке дәру боп.

Жағыпардың «Сағынышын» төгілтіп,
Қорабайды іздемейтін ару жоқ.
Бір тыңдасаң есте мәңгі сақтайтын,
Күй қалды ма Мұхамеджан тартпайтын?!

Қазағымда мақтан етпес әнші жоқ
Ақселеудің «Дәурен-айын» айтпайтын.

Қайраттары Біржан салша сайраған,
Бекболаттар – жаңа қарқын қайнаған.